

БАЯНДАМА

Тақырыбы: «Тәрбие тірегі – халық мұрасы»

Халықтың сан ғасырлық өмір тәжірибесінен, дүниетанымынан, салт-санасынан туған рухани-мәдени құндылықтары – халық мұрасы. Сол мұраның ең асылы – тәрбие. Ұлт тәрбиесі – ұрпақ бойына елге, жерге, тілге, дінге, салт-дәстүрге деген сүйіспеншілікті сіңіру арқылы жүзеге асады.

Қазақ халқы бала тәрбиесіне ертеден ерекше мән берген. «Баланы жастан...» деп басталатын даналық сөздер соның айғағы. Ата-ана баласына тек материалдық емес, рухани байлық беру арқылы үлкен өмірге дайындаған. Мысалы, атаның батасы, ананың әлдіі, бесік жыры, ұлттық ойындар – барлығы тәрбиелік мәнге толы.

Халық мұрасындағы тәрбиелік құралдар:

- Мақал-мәтелдер – қысқа да нұсқа өнеге.
- Аңыз-ертегілер – жақсылық пен жамандықты ажыратып үйрететін құрал.
- Ұлттық салт-дәстүрлер – ұлт болмысын қалыптастыратын негіз.
- Наурыз, тұсау кесер, сүндет той сияқты мерекелер – баланы қоғамдық ортаға бейімдейтін маңызды дәстүрлер.

Бүгінгі тәрбие мен халық мұрасы байланысы:

Қазіргі заманда технология, ақпарат тасқыны көбейгенімен, ұлттық тәрбиенің маңызын төмендетпеуіміз керек. Мектепке дейінгі ұйымдарда халық мұрасын қолдану – бала бойында рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып, ұлттық сана мен патриоттық сезімді дамытады.